

АҚТАУ ПОРТЫНЫҢ «ҮНДІСТАН – ПАРСЫ ШЫҒАНАҒЫ ЕЛДЕРІ – ИРАН – ҚАЗАҚСТАН – РЕСЕЙ» БАҒЫТЫНДАҒЫ ТОРАПҚА АЙНАЛУДА ӘЛЕУЕТІ ЗОР. ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА ТРАНСКАСПИЙ КӨЛІК ДӘЛІЗІНІҢ ЕУРОПА, ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ ТРАНЗИТТІК АҒЫНДАРДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ РӨЛІ ДЕ АРТЫП КЕЛЕДІ. ОСЫ БАҒЫТТЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН БІРЛЕСІП ІСКЕ АСЫРУ ЖҮК КӨЛЕМІН АРТТЫРЫП, ҮЗДІКСІЗ ТАСЫМАЛДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

Әлихан СМАЙЫЛОВ,  
ҚР Премьер-министрі



№87 (2802)  
08/11/2022

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

Более 80 тысяч казахстанцев обратились в этом году за помощью в поликлиники на рельсах – медицинские поезда, которые с конца мая по ноябрь посетили 147 отдаленных станций по всей стране. Общая протяженность маршрута по республике за шесть месяцев составила 22 009 километров.



## МЕДПОЕЗДА: МИССИЯ ВЫПОЛНЕНА



Асель ШАЙХЫНОВА,  
Астана

Проект реализован Фондом развития социальных проектов «Samruk-Kazyna Trust» от имени группы компаний АО «Самрук-Қазына» при участии Министерства здравоохранения Республики Казахстан в сотрудничестве с корпоративным фондом АО «НК «Қазақстан темір жолы» – «Фондом социальных проектов».

Напомним, основная цель проекта «Медицинские поезда» – бесплатное медицинское обследование жителей отдаленных станций и близлежащих к ним населенных пунктов страны, не имеющих доступа к качественным медицинским услугам.

В этом году медицинские поезда ездили по всей стране: «Жәрдем» – в Кызылординскую, Западно-Казахстанскую, Актюбинскую, Атыраускую, Мангистаускую, Туркестанскую, Жамбылскую области; «Саламатты Қазақстан» посетил Алматинскую, Жетысудскую, Абайскую, Восточно-Казахстанскую, Павлодарскую, Северо-Казахстанскую, Ақмолинскую, Костанайскую, Карагандинскую и Улытаускую области.

Специалисты поезда смогли принять жителей 147 отдаленных станций. За время работы оказаны лечебно-консультационные услуги 80 649 жителям отдаленных регионов Казахстана, в том числе 21 867 детям. Отмечено, что 5 097 людям была даже проведена небольшая операция, а стоматологическую помощь оказали 26 587 гражданам. Кроме того, специалисты медицинского поезда «Жәрдем» сделали циркумизию (обрезание) 59 детям. Всего в

медицинских поездах количество врачебных посещений составило 389 388.

Появилась возможность улучшить здоровье населения, сделать доступными те услуги, которые нужны жителям отдаленных районов и сел. Хочу выразить благодарность коллективу, организующему работу поездов, врачам, – отметила генеральный директор Фонда развития социальных проектов «Samruk-Kazyna Trust» Альфия Адиева.

Главный менеджер департамента социальной политики АО «НК «ҚТЖ» Акмарал Байгабулова отметила, что график движения медпоездов составлялся с учетом отсутствия медицинских пунктов на отдаленных станциях и на основании обращений граждан и государственных органов.

Фонд является организатором проекта и при финансовой поддержке генерального партнера – Фонда развития социальных проектов «Samruk-Kazyna Trust» – отвечает за работу поездов, их техническое обслуживание, содержание, ремонт и заправку дизельным топливом. А также были организованы охрана поездов, оборудования и персонала, обеспечение питанием врачей и поездных бригад, – отметила Акмарал Байгабулова.

Как рассказали врачи, оказалось, что очень распространены такие заболевания, как сахарный диабет, глаукома, липома, артроз, хронический холецистит, хронический панкреатит, аллергический дерматит. Среди жителей был большой спрос на невропатолога, хирурга, офтальмолога, ЛОРа.

Гузаль Мухамед – еще одна казахстанка, которой помогли специалисты медицинского



поезда. Она уроженка Шымкента, но лечилась у врачей в Атырау.

Летом я ездила на станцию Мукыр в Атырау. Там от знакомых узнала о прибытии поезда «Жәрдем». Внезапно у меня заболел живот, и я очень сильно испугалась. Обратилась к специалистам поезда. Там мне сделали УЗИ, взяли анализы. В срочном порядке хирург поставил диагноз «аппендицит», и специалисты поезда доставили меня в областную больницу. Там подтвердили мой диагноз и сразу провели операцию. Спасибо врачам и организаторам, – выразила свою благодарность молодая девушка.

Напомним, впервые проект был запущен в 2010 году и реализовывался ежегодно до 2019 года. Далее был приостановлен из-за вспышки коронавируса. За этот период три консультативно-диагностических поезда – «Денсаулық», «Жәрдем» и «Саламатты Қазақстан» – посетили 1 870 отдаленных сел Казахстана, проверили 569 530 жителей. Проведено 17 078 малых амбулаторных операций. Стоматологическая помощь оказана 148 546 жителям.

### ҚЫС МАУСЫМЫНА ДАЙЫН



«Қыс шанасын жаз сайлайтын» теміржолшылар биыл да қатал маусымға дайындықты шілдігір шілдеде бастап, күзгі байқаумен қорытындылап отыр.

«Компанияда алдағы қыс маусымына дайындық маусым айының соңын ала басталды. 2022-2023 жылдардың қыс маусымына шаруашылықтар мен кадрларды дайындау бойынша іс-шаралар кешені әзірленіп, теміржол көлігі шаруашылықтарының нақты дайындығын тексеру үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ бірінші басшыларының төрағалығымен алты комиссия құрылды. Олар еліміздің барлық өңіріне барып, шаруашылықтарды тексерді, теміржолшылармен, жергілікті тұрғындармен кездесті», – дейді Магистральдық желі дирекциясының Инфрақұрылым қауіпсіздігі департаментінің директоры Серік Айқынбеков.

Оның айтуынша, шаруашылықтар мен кадрларды қысқы кезеңде жұмысқа дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес теміржол мекемелерін техникалық, ал қызметкерлер мен зейнеткерлерді тұрмыстық көмірмен қамтамасыз ету 100% жүзеге асырылған. Сонымен қатар ұзындығы 41,4 км жылу трассаларына ағымдық жөндеу жүргізіліп, 100 қазандық жабдығы тағайындалған. Сондай-ақ, 2602 ғимарат ағымдық жөндеуден өткен. Сондай-ақ, 265 бірлік қар жинайтын және қар тазалайтын техникалардың бірқатарына қызмет мерзімін ұзартумен күрделі жөндеу жүргізіліп, енді біреулеріне деполық және күрделі жөндеу жұмыстары жасалған. Рельсте жүретін барлығы 193 бірлік көлік құралы дайындықтан өткен. Бүгінде жұмыскерлер қысқы арнайы және аяқ киіммен толық қамтамасыз етіліп, алғаш «қыстаушы» 2475 қызметкер дайындықтан өткен.

Бұл атқарылған жұмыстар теміржол инфрақұрылымының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етумен қатар жолаушылар мен жүк пойыздарының қозғалыс қауіпсіздігіне де оң ықпалын тигізеді деген сенім бар.

Сұлғұл БАКЕСОВА

### МОЛОДЫЕ УМЫ – НА СЛУЖБУ ОТРАСЛИ

Инновационные проекты в зеленой логистике представили на IX Молодежном форуме транспортников KAZLOGISTICS студенты транспортных вузов Казахстана.

Ежегодное мероприятие собрало в курортной зоне Oi-Qağarai близ Алматы более 100 молодых участников, представлявших Академию логистики и транспорта, Казахский университет путей сообщения, КазНУ им. аль-Фараби, Академию гражданской авиации, Казахстанско-немецкого университета, Казахскую автомобильно-дорожную академию имени Л. Гончарова и другие.

Кроме того, на форум пригласили представителей РЖД в РК, Kaspi Bank, производственных предприятий и транспортных компаний страны.

Спикерами выступили генеральный директор Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» Ерлан Абсатов, главный экономист института Центрально-Азиатского регионального экономического сотрудничества Ханс Хольцхакер, глава ООО «KTZ Express Hong Kong Limited» Мейрхан Жумабеков и т. д.

Основными задачами, стоящими перед студентами, стали решение кейсов и защита макетов, презентации на тему «Инновационные проекты в зеленой логистике».

Лучшей по итогам двух туров стала команда Академии гражданской авиации. Второе место заняла команда студентов Университета международного бизнеса имени Кенжегали Сагадиев, а третье – у студентов КазНУ им. аль-Фараби.

Для укрепления дружбы и популяризации здорового образа жизни в рамках форума проведен турнир по мини-футболу среди 10 команд, сформированных из студентов вузов.

В упорной борьбе победу на KAZLOGISTICS CUP 2022 одержала команда университета «Туран», «серебро» завоевали студенты Академии логистики и транспорта, замкнула тройку лидеров сборная КазНУ им. аль-Фараби

Любовь РОББА

### Көрсеткіш

## АСТЫҚ ТАСЫМАЛЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Қазан айында астық пен ұн тасымалы қарқынды жүзеге асты. Нақты сандарға сүйенсек, «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісі бойынша 1,5 млн тонна астық пен ұн тиеліп, оның 1,2 млн тоннасы экспортқа шығарылған.



Ислам ТАЛГАТ,  
Астана

Тиелген астық көлемі 1 млн тоннадан асып, өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 26% артқан. Шетел асқан әлеуметтік маңызды жүктің көрсеткіші де 41% жоғары болыпты. Ал ұн тиелімі былтырғы балама аймен салыстырғанда 32% өскен. Осы арада қазақстандық ұнға да шетелдіктер тарапынан сұраныстың артқанын байқаймыз. Өсім – 75%.

Теміржолшылар ауыл шаруашылығымен айналысушы шаруа қожалықтарының өнімдерін үздіксіз тасымалдауға аталысып келеді. Яғни, жүк пойыздарының тұрақты қозғалысы бекітілген бағдардан ауытқымай, уақытылы ұйымдастырылып отыр. Сала мамандарының мәліметінше, қазан айында астық жүктері тиелген 181 маршрут құрылып, жөнелтілген. Оның ішінде 26 маршрут ұн, 155 астық құрамы екен. Ал осы ұйымдастырылған маршруттардың орташа жүру жылдамдығы



тәулігіне 670 км құраған.

Теміржолшылар тасымал үдерісі бұзылмай, осы қалыпта жалғасуына мүдделі. Қазіргі таңда ҚТЖ орталық аппаратында астық пен ұн тасымалын үйлестіру және ұйымдастыру жөніндегі штаб тәулік бойы жұмыс істеп отыр. Ал «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС өңірлік филиалдарында вагондардың қозғалысын ұйымдастыру және жөнелтілімдерді бағдарлау

мәселелері бойынша жедел астық топтарының тәулік бойы жұмысы ұйымдастырылған. Ең бастысы, жүк тиіп жөнелтушілер мен қабылдап алушылар вагондарды жүк тиеу-түсіру операциясында ұзақ ұстап қалмай, жедел қимылдаса, құба-құп. Ұлттық тасымалдаушы оператор астық мәселесіне қатысты тараптармен келісімде жұмыс істеуде.

Фото Александра ЖАБЧУКА



Замир СЕРИКОВ,

главный менеджер департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ»:

МЕДИАЦИЯ – ЭТО ВАЖНЕЙШИЙ ИНСТРУМЕНТ НЕ ТОЛЬКО РЕГУЛИРОВАНИЯ СПОРОВ, НО И ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ ИХ. КРОМЕ ТОГО, ЭТО ОЧЕНЬ УВЛЕКАТЕЛЬНОЕ И ТВОРЧЕСКОЕ ЗАНЯТИЕ, СОЦИАЛЬНО ОТВЕТСТВЕННАЯ И ЗНАЧИМАЯ РАБОТА. НА СЕГОДНЯШНИЙ УМЕНИЕ СЛУШАТЬ И НАХОДИТЬ ОБЩИЙ ЯЗЫК С ЛЮДЬМИ ЯВЛЯЕТСЯ САМОЙ ЛУЧШЕЙ АЛЬТЕРНАТИВОЙ В РЕШЕНИИ СПОРОВ

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛ ҚАЗАҚСТАН МЕН ШАНХАЙ ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ҰЙЫМЫ ЕЛДЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ТАУАР АЙНАЛЫМЫ

22

ПАЙЫЗҒА ӨСКЕН.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ERAI ПОРТАЛЫНА

35 000

ҚОЛДАНУШЫ КІРГЕН.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ БОЙЫНША ЖЫЛ СОҒЫНА ДЕЙІН

22 000

АСТАМ ТЕМІРЖОЛ ҚЫЗМЕТКЕРІ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРЕДІ ДЕП КҮТІЛУДЕ.



## БОЛАШАҚҚА КЕЛДІ

 **Айсұлтан АРМАН,**  
Маңғыстау



**Маңғыстау облысының басшысы Нұрлан Ноғаев Болашақ станциясында болды. Өңірдегі шекара бекеттерін аралаған әкім «Болашақ» шекара бекеті мен «Темір-баба» өткізу пунктінің жұмысымен танысты.**



Маңғыстау қосалқы бөлімінің бас инженері Қарақат Жақанов пен Болашақ станциясының бастығы Мақсат Нұрбеков облыс әкімін Түркіменстанмен шектесетін теміржол станциясымен таныстырды. Шаруашылық нысандарынан бөлек жергілікті тұрғындармен, теміржолшылармен кездесіп, ұсыныс-пікірлерін тыңдаған облыс басшысы вагондар паркін, жүктерді жөнелту процесін бақылап, шекарадан жүк өткізу үдерісінің қыр-сырына қанықты. Жылдан-жылға жоғарылаған жүк айналымына риза болып, теміржолшылар жұмысына сәттілік тіледі.

Болашақ станциясындағы жүк айналымы рәсіммен мақтауға, мақтануға тұрарлық. Мәселен, былтыр Түркіменстанға 438 пойыз, 1 163 178 тонна жүк өткізілген. Олардан бізге 392 пойыз немесе 1 061 974 тонна жүк келген. Ал биылғы он айда Болашақ арқылы 1 604 742 тонна жүк жөнелтілсе, Түркіменстаннан 1 072 224 тонна жүк кірген. Яғни, он айдағы көрсеткіш өткен жылғы жылдық деңгейден асып түскен. Алда әлі екі ай бар, тасымал осы қарқынмен жалғасса, жылды жақсы нәтижемен қорытындылауға мүмкіндік мол.

*Суретті түсірген автор*

## ҚАУІПСІЗДІК СТАТИСТИКАСЫ

 **Ұлан ОРАЗ,**  
Астана



**Статистикалық мәліметтерге сәйкес, өткен 4 жыл ішінде 322 адамды және 2,3 мың малды пойыз қаққан.**

Оқиға салдарынан 187 адам қаза тауып, 135-і әртүрлі дәрежеде жарақат алған. 31 адам суицид жасаса, 30 адам ішімдіктің салдарынан қайғылы жағдайға ұшыраған.

– Адамдардың теміржолда белгіленбеген жерлерден өтуі және төрт түліктің қараусыз жайылуы келеңсіз оқиғалардың негізгі себептері болып отыр. 2019-2021 жылдар аралығында және осы жылдың 8 айында теміржол көлігінде қауіпсіздік қағидаларын бұзғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 559-бабы бойынша жеке және заңды тұлғаларға қатысты 854 әкімшілік іс қозғалды, – деді Мәжіліс депутаттарының сауалына жауап берген ҚР Бас прокуроры Берік Асқолов.

Айтуынша, биылғы жылы Көлік комитетінің аумақтық бөлімшелері магистральдық теміржол желісінің 8 объектісін тексерген. Сонымен қатар Ішкі істер министрлігі Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен және ҚТЖ-мен бірлесіп, теміржол бойындағы қоршауларға 1 022 тексеру жүргізген. Оның қорытындысы бойынша ҚТЖ-ға 832 ұсыныс енгізіліп, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 479-бабымен 59 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

## КІРМЕ ЖОЛДАР ҚАШАН ТҮЗЕЛЕДІ?



**Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде теміржолшылар мен теміржол тармақтарын пайдаланушы кәсіпкерлермен кездесу өтті. Жиынға аймақтағы станция басшылары мен кірме жолдарды пайдаланушы жүзге жуық кәсіпкер қатысты.**



 **Қосұйым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау

Сондай-ақ жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің, көлік прокуратурасы көліктік бақылау инспекциясының, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының өкілдері арнайы шақырылған жиын барысында бас ревизор Жәнібек Көбеев аймақтағы кірме жолдар мен ондағы бағыттамалы бұрмалардың жай-күйі төмен жағдайда екенін жеткізді. «Сол себептен де биылғы жылы кірме жолдарда вагондардың рельстен шығып кетуінің 18 фактісі орын алған. Ал вагондар ҚТЖ компаниясына қарайтындықтан, олардың жағдайы бізді алаңдатады. Вагондарға сұраныс көп, ал олар әр кірме жолдан шыққан сайын жөндеуге тұратын болса, тасымалдайтын вагон саны шектеледі. Сондықтан тармақ иелері өз жолдарын күтіп-ұстауға көңіл бөлгені керек бізге. Топырақ, құм, шөп басып кеткен жолдар бар. Ол да қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді», – деді ол.

Жиында сөз болған маңызды мәселе цифрландыру тақырыбы болды. Көлік

прокурорының айтуынша, ол сыбайлас жемқорлыққа жол бермейді, қандай да бір лауазымды тұлғаға тәуелділік болмайды. Барлық құжаттамалар, келісімшарт, алыс-беріс, жүк қабылдап-тапсыру құжаттары цифрлы түрде жүзеге асырылуы тиіс. Сол мақсатта биыл «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен бірлесе мобильді топ құрылған. Олардың мақсаты – кәсіпкерлерге құқықтық және басқа да көмек беру.

Кәсіпкерлердің де айтары бар екен. Олар вагондардың көп жағдайда кешігіп жететінін айтты, сол себепті вагондардың қай жерде келе жатқанын қадағалап отыруға ашық мүмкіндік болса деп сұрады.

Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің бастығы Аслан Базарғалиев вагондардың кешігуінің бір себебі, елімізде, соның ішінде өңірлерде де тепловоздардың жетіспеушілігі екенін айтты. Сол себепті жол бойында тастанды пойыздар көп. Ал вагондарды қадағалап отыруға қатысты: ҚТЖ компаниясында 15-65 макеті бар, ол жүйеге сәйкес ел ішіндегі пойыздар қозғалысын, маршрутын, бағытын, кетіп бара

жатқан, тұрған жерін қадағалауға болады, бірақ, өкінішке орай, ондай құзырет жеке кәсіпкерлерге қарастырылмаған көрінеді.

Кәсіпкерлердің айтуынша, ұзындығы 168 шақырымды құрайтын Индер-Мақат темір жолының сапасы сын көтермейді. Биылдың өзінде 4 рет пойыздың жолдан шығып кету жағдайы болған. Сол жолды ҚТЖ өз балансына алса деген де сөз болды. «Ол жолдың 10 пайызы Атырау СІПК-ға қарайды, қалған 90 пайызы жеке кәсіпкерде. Біз ол мәселені зерделеп, ҚТЖ басшылығына жібердік» деді көлік прокуроры. Алайда, Индер-Мақат темір жол желісіне иелік етуші мекеме өкілінің айтуынша, бүгінде ол жолдарға жөндеу жұмыстарын жасау кезең-кезеңмен жүзеге асырылып, жол сапасын жақсартуға тырысуда екен.

Жиында кәсіпкерлер өздерін мазалаған басқа да сұрақтарын қойып, жауап алуға тырысты. «Сіздермен кездескендегі мақсатымыз сын айтып, мін табу емес. Кәсіп иелерімен кері байланыс орнатып, құқықтық негізде көмек беру», – деді жиын соңында құқық қорғаушылар.

## КҮМІСТАУҒА КӨМЕК



**Сыр бойының темір жолын бабында ұстап, кәсіби шеберліктерімен танылған қызылордалық жолшылар биыл шығыстағы әріптестеріне көмек көрсетті.**

 **Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Көмекке қызылордалық жол жөндеушілердің таңдалуы өңір теміржолшыларына деген сенімнің жоғары екенін танытса керек. Қыркүйек айының алғашқы күндері Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі басшылығының ұйғарымымен аймақтағы Қызылорда, Қазалы және Сексеуіл жол дистанцияларының бір топ жолшылары Семей магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Күмістау станциясындағы әріптестеріне практикалық көмекке жіберілді.

Күмістау станциясы орналасқан жер рельефі күрделі, ал теміржол төсемдері көп уақыттан бері жөндеу көрмегендіктен тозығы жеткен. Қызылордалық жолшылар дистанция телімдерінің 75, 80-81, 85-86, 92, 102-105 шақырымдарындағы жарамсыз ағаш шпалдарды ауыстыру, қисық жолдағы р-50 типті рельстерді р-65 типімен алмастыру, шойшегелерді толықтырып қағу, ескі темірбетон шпалмен салынған 80-82 және 76-77 шақырымдағы рельстер

арасының тарылуын, жолдың ойқыш тартып ығысуын ретке келтіріп, түйіспе санғылауларды технологиялық талапқа сай бабына келтірілді. Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің басшысы Сағатбек Тұмырзаев тапсырылған жұмыстардың жоғары деңгейде орындалғанын жеткізді.

– Семей өңіріндегі өндірістік қажеттілікке орай және жол жөндеушілер штатының толық жасақталмауына байланысты Қызылорда, Қазалы және Сексеуіл жол дистанцияларының бір топ жолшылары Күмістау станциясындағы ПЧ-38 жол дистанциясына практикалық көмек беру жайында ЦЖС Рахметовтің пәрменіне сай әрекет еттік. Біздің теміржолшылар Күмістау станциясында қыркүйек пен қазан айларында болып, жол табанын сауықтыруға байланысты жоспарлы жұмыстарды жүргізді. Әрине, әріптестік көмекке жол дистанцияларындағы тәжірибелі жол жөндеушілерін таңдап жібердік.



Қызылорда жол дистанциясынан Нұрболат Сақтағанов, Сексеуіл жол дистанциясынан Нұрлыбек Қарабасов және Қазалы жол дистанциясынан Ерболат Боданов бастап барды. Олар тапсырылған жұмыстарды жоғары деңгейде сапалы атқарғанын сол жақтағы әріптестеріміз де растады, – деді С.Тұмырзаев.

Расында Күмістау жол дистанциясының бастығы Р.Аралбаев бастаған жергілікті дистанция басшылары сырбойылық әріптестерінің практикалық тұрғыдан жасаған жұмыстарын бақылаудан өткізіп, сапасы көңілден шығып, алғыс білдіріпті.

Бұл – жол жөндеушілердің алғашқы легі. Енді екінші кезекте қызылордалық жолшылар 8 мың дана шпал төсеуге көмекке бармақ.

*Суретті түсірген автор*

## ПОЙЫЗДАН ТҮСІРІЛДІ

**«Орал-Алматы» бағытындағы жолаушылар пойызынан 31 жастағы жолаушы түсірілді. Қостанайлық азамат жол бойы сапарластарының мазасын алып, қоғамдық тәртіпті бұзған.**

Оқиға Никельтау станциясында тіркелді. Көлік полициялерінің мәліметінше, ер адам жол бойы ішімдік ішіп, айналасындағылардың мазасын алған. Жолаушылардың талабын назарға алған жолсеріктер желілік тәртіп сақшыларын шақырған.

«Медициналық куәландыру қорытындысына сәйкес ер адам «жеңіл дәрежедегі» масаң күйде болған. Шешім қабылдау үшін ұсақ бұзақылық бойынша Қостанай қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына материал жіберілді», – дейді Көліктегі полиция департаментінің баспасөз қызметі.

Айта кетейік, құқықбұзушыға қатысты ҚР ӘҚБтК 440-бабының 1-бөлігімен шара қолданып, оған қатысты 5 АЕК көлемінде айыппұл салынған. Жыл басынан көлік полициялері еліміздің түрлі аумағындағы теміржол бойында тәртіп бұзған 37 744 азаматты әкімшілік жауапкершілікке тартқан. Оның ішінде қоғамдық орында ішімдіктер ішіп және масаң күйде келгені үшін – 3 859, өзге де ұсақ бұзақылықтар үшін 523 адам жауапқа тартылған.

**Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе**

## Әлеуметтік жүк

## ТҰРҒЫНДАР СҰРАНЫСЫ ТӨМЕНДЕГЕН

**Жамбылдық теміржолшылар жергілікті билікпен бірлесіп тұрғындарды қатты отынмен қамтамасыз етуде. Көмір тасымалданатын тұйықтардағы жағдай толық бақылауда.**

 **Ерман ӘБДИЕВ,**  
Тараз

Бүгінгі күні облыста көмір сатумен 31 нарық субъектісі айналысады. 35 теміржол тұйығы бар, онда 15 157 тонна көмір түсірілген. 31 қазандағы есеп бойынша халықты көмірімен қамту жоспары 93,5 пайызға орындалып отыр.

Ал жалпы 2022-2023 жылдарға өңірге қажетті көмір қоры – 221,1 мың тонна. Оның 60,8 мың тоннасы коммуналдық қажеттілікке, 160,3 мың тонна – тұрғындар сұранысына. Бүгінгі күні коммуналдық қажеттілікке тиесілі 60,8 мың тонна қатты отын толық жеткізіліп, 100 пайыз орындалып отыр. Ал тұрғындар сұранысын өтеу бойынша керекті көмірдің 145,8 тоннасы жеткізіліп, бұл 91,0 пайызға

орындалған.

Жамбыл ЖТ бөлімшесі директорының логистика бойынша орынбасары Әділ Түсіповтің айтуынша, қазірге дейін теміржолмен 304,1 мың тонна көмір жеткізілген. Оның 97,5 мың тоннасы көрші жатқан Қырғыз еліне жүк көліктері арқылы тасымалданыпты. Қалған 206,6 мың тоннасы өңірге тиесілі.

Қазір Жамбыл облысында Шұбаркөл мен Қаражыра көміріне сұраныс жоғары. Олардың бағасы тоннасына қарай, алшақ елді мекендерге жеткізу құнын қосқанда 18-21 мың теңгеден айналып отыр. Жамбыл, Байзақ, Талас, Мойынқұм аудандарында көмір сатумен айналы-

сатын теміржол тұйықтары жоқ. Бұл ауданның тұрғындары көмірді Тараз, Шу қалаларындағы теміржол тұйықтарынан сатып алуда.

– 2022-2023 жылғы күзгі-қысқы жылыту маусымына тұрғындардың көмір тұтыну көлемі 160,3 мың тоннаға жоспарланған. Былтырғы маусыммен салыстырғанда қажеттілік 27,7 мың тоннаға төмендеді. Бұл көрсеткіш 2021 жылы 20 елді мекеннің газдандырылуымен байланысты, – дейді Жамбыл облысы әкімдігі энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Құдайбергелен Қорғанбаев.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*



## КӨМІР ЖЕТКІЗУДЕ КЕДЕРГІ ЖОҚ

**Арыс қаласының жылыту маусымына дайындығы түпкілікті шешілген. Көмірмен жылытылатын қазандықтар қалыпты жағдайда жұмыс істеп тұр.**

 **Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,**  
Арыс

Алты ауылдық округпен қоса есептегенде 80 мыңға жуық тұрғыны бар қаланы жылыту маусымына дайындауда теміржолшылардың еңбегі ерен.

Әсіресе, Арыс станциясындағы көмір базасы мен ондағы жауапты мамандардың еңбегі ауыз толтырып айтарлықтай. Станцияның бас инженері Мейірбек Мырзахметовтің айтуынша, мекемеге қарасты 4 көмір базасы арқылы қыркүйектің 1-не дейін 56 649 тонна қатты отын қаладағы әлеуметтік нысандарға таратылған. Ал жыл басынан бері Арысқа жеткізілген 821 вагон көмір дер кезінде түсірілген.

«Бірінші кезекте станцияның көмір базасына жеткен вагонның тұрып қалмауын қамтамасыз етіп, яғни, вагонның дер кезінде босатылуын үйлестіреміз. Әріптестеріміздің әбжіл әрекет, шебер қимылының нәтижесінде вагон өңдеуде кешеуілдеуде кедергі де жоқ», – дейді бас инженер Мейірбек Әділбекұлы.

«Арыс жылу» мекемесіне қарасты 8 қазандық (оның 2-і көмірмен, 6-ы дизель отынымен жылытылады), бюджеттік мекемелерге қарасты жалпы қазандықтар саны – 82 дана. Қала әкімдігі өкілдерінің айтуынша, бүгінде Арыс қаласының тұрғындары қажет ететін 54 600 тонна көмір қала бойынша 3 нүктеден таратылуда.



# Актуально

## ПОВОДА ДЛЯ БЕСПОКОЙСТВА НЕТ

Не за горами зима, в связи с этим население Карагандинского региона активно запасается углем. Отгрузка производится в штатном режиме с утра до позднего вечера.

 **Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

Информация о том, что люди за углем стоят по несколько дней, не соответствует действительности. Из-за недостоверных сведений народ испытывает волнение, и создается ажиотаж.

– Во время разгрузки и погрузки угля задействовано четыре единицы техники, которые работают бесппрывно с использованием автовесов, – рассказывает заместитель директора по логистике Карагандинского отделения ГП Болат Касенов.

Чтобы во всем соблюдался порядок, работники угольного тупика завели специальный журнал, где записывают номера автомашин, приехавших на погрузку. Кроме того, людям выдают талоны, как в ЦОНе, с указанием даты, времени, номера автомобиля во избежание коррупционных рисков.

В среднем в день обслуживается от семи до 28 вагонов. Бывает так, что в течение дня люди успевают совершить две загрузки.



– С утра при въезде на станцию Майкудук стояли в очереди около 50 машин, и все они оперативно были загружены Шубаркульским углем, стоимость которого составляет 11 500 тенге за тонну. Данное твердое топливо достаточно крупное. Оно относится к разряду каменного угля марки «Д». В нем маленький процент золы – около 12%. Этот уголь при сгорании образует много тепла, – продолжает разговор собеседник.

Работа в плане обеспечения на-

селения коммунально-бытовым углем проводится добросовестно. Об этом говорят цифры. Так, около 120 машин ежедневно загружаются углем. После этого они направляются в населенные пункты, где отсутствуют железнодорожные подъездные пути и тупики. Как правило, спрос на твердое топливо появляется с наступлением первых холодов. Сейчас оно очень востребовано. В среднем люди покупают от пяти до 10 тонн угля на отопительный сезон. Безусловно, все

зависит от квадратуры дома или предприятия.

– За последние два месяца на станцию Майкудук поступило 83 вагона с углем. Специально созданной комиссией регулярно проводится мониторинг. Он имеется в достаточном количестве. На сегодняшний день паники у населения нет, и вся работа по снабжению клиентов твердым топливом осуществляется в штатном режиме, – резюмирует Болат Касенов.

Фото автора

## БОЛЬШУЮ ЧАСТЬ УГЛЯ ЗАГОТОВИЛИ ЛЕТОМ

За 10 месяцев 2022 года по Семейскому отделению грузовых перевозок ТОО «ВостокУгольПром», которое занимается поставками твердого топлива с разреза «Каражыра», погрузили 6,5 миллиона тонн угля. Это на 404,2 тысячи тонн больше аналогичного периода 2021 года. Объем погрузки к уровню прошлого года вырос на 6,6%.

 **Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

Для потребителей РК отгружено пять миллионов тонн, что больше, по сравнению с аналогичным периодом прошлого года на 15%, или на 651 тысячу тонн.

– В период активной подготовки к отопительному сезону с августа 2022 года по октябрь для населения и коммунально-бытовых нужд отгружено 873,4 тысячи тонн, а это на 9% больше уровня прошлого года, – отметил заместитель директора по логистике Семейского отделения грузовых перевозок Алмас Сейсемканов.

Основные тупики городов Усть-Каменогорска, Семей, которые реализуют уголь населению, делали заготовку твердого топлива с июня текущего года. В адрес ТОО «Сейком» на тупик станции Оскемен-1 отгружено с разреза «Каражыра» более 1 000 вагонов – это 72 тысячи тонн, ТОО «Топливная компания Терминал» на станцию Новоустькаменогорск – 1 150 вагонов общим весом 80,2 тысячи тонн. Для ТОО «Шемонаиха отыны»

Шемонаихинского района ВКО отгружено 1 080 вагонов – 75,3 тысячи тонн. ТОО «Жигер» по городу Семей – 719 вагонов.

Для своевременного и полного обеспечения перевозок угля для ТЭЦ и населения РК Семейское отделение грузовых перевозок прделало большую работу для привлечения собственных полувагонов под погрузку угля со стороны промышленных предприятий.

“ ПО ДАННЫМ ДИРЕКТОРА ТОО «ТОПЛИВНАЯ КОМПАНИЯ «ТЕРМИНАЛ» МАНСУРА БЕКБАУОВА, ОСНОВНОЙ ПИК ПРОДАЖ НА ТУПИКЕ СТАНЦИИ НОВОУСТЬКАМЕНОГОРСК ПРИШЕЛСЯ НА ЛЕТНИЙ ПЕРИОД. СЕЙЧАС ПОГРУЗКА ПРОХОДИТ БЫСТРО. УГЛЕМ ЗАПАСЛИСЬ УЖЕ БОЛЬШЕ 90% НАСЕЛЕНИЯ.

– В рамках подготовки к перевозке угля в отопительный период 2022-2023 годов ведется постоянная работа со всеми участниками этого процесса. С местными исполнительными органами ВКО и области Абай на постоянной основе проводим мониторинг погрузки и выгрузки вагонов с углем по их своевременному продвижению как в груженном,

так и в порожнем состоянии, – напомнил Алмас Сейсемканов.

Руководство АО «НК «КТЖ» для своевременного и полного обеспечения заявок грузоотправителей по перевозке угля для ТЭЦ, коммунально-бытового сектора и населения в период отопительного сезона 2022-2023 годов объявило месячник по особому режиму работы с полувагонами. На ежедневной основе с июля текущего года железнодо-

